

**«Білім алушылардың білім беру нәтижелеріне қанағаттануы»  
сауалнамасының қорытынды есебі.**

2023-2024 оқу жылының 02-23 ақпан аралығында университеттің барлық мамандықтарының студенттері арасында «Білім алушылардың білім беру нәтижелеріне қанағаттануы» сауалнамасы жүргізілді. Сауалнамаға **798** респондент қатысты. Сауалнама анонимді түрде барлық факультеттің студенттері арасында жүргізілді. Сауалнама онлайн режимде **google forms** платформасын қолдана отырып жүргізілді.


**Сұрақтарға талдау:**

<b>1. Қай курста оқисыз:</b>	<b>Университет бойынша %</b>
Бірінші	62.2%
Екінші	20.9%
Үшінші	10.3%
Төртінші	6.6%

Сауалнамаға қатысқан студенттердің 68,8%-ы қыз балалар, ал 31,2%-ы ұл балаларды құрады (Диаграмма 1).

Диаграмма

1.



Сауалнамаға жауап берген студенттердің факультеттер бойынша үлесі:

<b>Факультетіңіз:</b>	<b>Университет бойынша %</b>
«Педагогикалық және жаратылыстану ғылымдары»	29,2
«Спорт және дене шынықтыру»	9,9
«IT, экономика және құқық»	15,5
«Бастауыш білім және өнер»	26
«Филология»	24,5

«Сізді келесі студенттік мәселелердің қайсысы ерекше толғандырады?» - деген сұраққа респонденттер төмендегіше жауап берді (Диаграмма 2). Респонденттердің 24,7%-

ы сабақтарды қызықты әрі инновациялық технологияларды пайдаланып өткенін қалайтындықтарын атап өтті.


Сізді келесі студенттік мәселелердің қайсысы ерекше толғандырады (жауаптың үш нұсқасын таңдауға болады)?	Университет бойынша %
Оқу кестесін жасау сапасы.	15,5
Сабақ өту сапасы.	24,7
Білімді бағалау сапасы.	12,9
Ешқайсысы, бәрі дұрыс.	46,8

Диаграмма 2.

Сізді келесі студенттік мәселелердің қайсысы ерекше толғандырады?




760 ответов



«Сізді университеттегі оқыту сапасы қанағаттандырады ма?» - деген сұраққа респонденттердің 67,8%-ы «ия» деп, 29,6%-ы «жартылай», ал 2,6 %-ы «жоқ» деп жауап берді (Диаграмма 3).

Сізді университеттегі оқыту сапасы қанағаттандырады ма?

761 ответ




Сауалнаманың келесі сұрағы, сабақ барысында қолданылатын көрнекілік элементтер мен оқытудың техникалық құралдарын пайдалану деңгейіне, кітапханадағы тиісті ғылыми және оқу әдебиеттерінің болуына төмендегі диаграммадағыдай жауаптар берілді (Диаграмма 4,5).

#### Диаграмма 4.

Көрнекілік элементтері мен оқытудың

техникалық құралдарын пайдалану

762 ответа




#### Диаграмма 5.

Кітапханада тиісті ғылыми және оқу

әдебиеттерінің болуы:

756 ответов



Сауалнаманың «Жалпы оқу процесін жақсарту үшін Сіз қандай ұсыныстар бересіз?» – деген ашық сұраққа студенттердің берген ұсыныстарын төмендегі кесте бойынша іріктеп көрсетіп отырмыз.

Ұсыныстар	Респондент саны
Университеттің материалды-техникалық жабдықталуын жетілдіру (Wifi, ноутбуктар, розеткалар, интерактивті тақталар, маркерлер, проектор)	369

«Жұмабек Ахметұлы Тәшенев атындағы университет» ЖШС	Мониторинг және талдау қызметінің ережесі УЕ-23-22	8 беттің 4-беті
---	---	-----------------

Барлығы жақсы, ұсынысым жоқ.	224
Кең аудитория	96
Үлкен үзіліс уақытын белгілесе, асханаға бара алмаймыз, барсақ сабаққа кешігеміз.	83
Білімі жоғары жауапкершілігі бар мамандарды жұмысқа алу қажет. Сонда ғана білім сапасы жоғарылайды.	82
Геймификация бойынша да кішігірім сайыстар, конкурстар арқылы сабақ өтілсе	59
Лабораториялық және электрондық құрал жабдықтармен қамтамасыз етсе.	59
Аудитория санын көбейтіп группадағы студент санын азайту. Аудиторияларға сыймай бір партаға 3-4 қыздан оқып жазуға ыңғайсыз болып жатыр соны қолға алсаңыздар екен	56
Спорттық құрал-жабдықтарды көбейтсе	56
Кітапханада кітаптар көп болса	56
Лаборатория кабинетінің қажеттілігі	53
Сабақ кестесін дұрыстап және группаларға бөліп кабинет тапса жақсы болушы еді	53
Спорт зал үлкен болса	53
Компьютерлер көп болса	49
Университетте түрлі іс шаралар өтсе екен	49
Алдымен расписаниеге көңіл бөлсеңіздер. 4 апта өтті әлі расписание жоқ . Бір кішкентай кабинетте 100 студент отырады осы мәселені шешсеңіздер	46
Әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолдану, инновациялық оқу әдістері, жаңа бағдарламаларды қолдану	46
Универге ремонт жасап, дамыту. Университеттің условиясын жөндеу керек ең бірінші біз төлеп оқып жатқан соң жақсы жерде оқығымыз келеді, универдің ішкі условиясы ұнамайды	46
Білімді жас мамандарды жұмысқа алу, себебі жастар жаңартылған білім бойынша оқып келеді және жұмысқа ынталы қызығушылығы мол болады. (Өз ойым )	44
Спорт кешенін реттеу	42
Гагаринадан жақсы жерге көшірту студенттерді	39
Университет ұстаздар өте мықты білімді білікті мамандар	37
Оқытушылар санын көбейту.	36
Дәл қазіргі сәтте оқыту сапасы өте нашар себебі аудитория, кабинеттерге студенттер симайды. 1 кабинетте тым көп студенттер отырып жазуға партаға қолымыз симайды. 1 партаға 3-4 студент болып отырамыз. преподавательдің даусы естілмиді адам көп болғандықтан	36
Сабақта қызықты әрі сапалы өткізу (дебат, ойындар, эксперименттер)	36

«Жұмабек Ахметұлы Тәшенев атындағы университет» ЖШС	Мониторинг және талдау қызметінің ережесі УЕ-23-22	8 беттің 5-беті
---	---	-----------------

Мен аудиториялардың кең болуын, сапалы білім берілуін, сабақты қызықты қылып өтуін ұсынар едім.	35
Іс шараларды көп өткізіп жарыстар өткізіп білім алушылардың көзін ашу жан жақты қылу	34
	33
Жақсы жұмыс жасап, жақсы нәтижеге жету, жауапкершілік	32
Қызықты етіп сабақ өту керек	32
Менің ойымша түрліше үйірме, байқауларды көбейтуу керек!!! Студенттердің білімін тексере ған қойма оқуға қызығушылығыда артады, егерде түрліше байқау үйірмелер қысылуы жәнеде көбеюі керек.	32
Дизайн бөліміндегі студенттерге толық құрал жабдықтармен қамтамасыз етуді қолға алуын ұсынар едім! Әр бір студент ке керекті тігін машина, құрал жабдықтар болуы керек.	29
Әр түрлі әдебиеттерден пайдалану!	29
Практика жүзінде сабақ өтсек өте жақсы болатын еді	29
Спортқа жақсы көңіл бөлсе	29
Оқу процесі барлығы ұнайды мұғалімдерге мың алғыс	28
Студенттермен етене жақын болу	28
"Тәшеневтің" атын жақсы жағынан көп шығару	27
Группа санын көбейту, өйткені бір группада адам саны көп	26
Мұғалімдердің уақытылы сабақ өтіп, әділ балл қоюы	26
Мысалы кәзір біз ағылшын оқып жатырмыз бірақ бізде аптасына екі рет соны көбірек істесек деген ой бар және сабақтарты да ағылшын тілінде отілсе или осы носительмен бірге артасына бір рет болсын бір сабақ болса күшті болатын еді	26
Студент пен оқытушы арасындағы байланысты жақсарту	26
Студенттерді ғылыми жұмыстарға тарту.Студенттерге ерекше тәсілдермен сабақ өту. Студенттерге сабақты қызық және көңілді өтілуі.	26
Үй тапсырмаларын көбейтсе, 5-11 сынып арасындағы оқулықтармен жұмыс жасатса. Мектептік бағалау приложениесімен толық таныстырса	26
Биологтар главный корпуста оқысыншы	23
студенттердің сабаққа келуін қадағалау керек	23
Білімі күшті деңейдегі мұғалім дер сабақ өтуы ж/е қызықты етіп өту	23
Әр түрлі үйірмелер ашылуы спорттан	23
Мұғалімдер студенттерді жақсы көру керек, оларды мақтау керек, мотивациясын ояту керек!	21
Нужно учитывать мнение каждого студента	21

«Жұмабек Ахметұлы Тәшенев атындағы университет» ЖШС	Мониторинг және талдау қызметінің ережесі УЕ-23-22	8 беттің 6-беті
---	---	-----------------

Оқушымен оқытушы арасындағы кері байланыстар, сабақты қызықты етіп өткізу	21
Барлық оқушыдан әр сабақтан түгелдей сабақ сұрау	20
Практика жүзіне көп өткенін қалаймын мысалы ағылшын кино көрсетіп талдап, өлең жатап оны талдап, сонда жақсы шыңдаласың	20
Практика көп болса жақсы болар еді	20
Әр бір мамандыққа сай кабинет болуың қалар едім.	19
Көбірек походка шықсақ дер едім, бұрын бармаған білмеген жерлермен танысып, ой толғауларымызды өзгертетін едік.	19
Бастысы мұғалімде материалдар жеткілікті болу керек	18
Жаңа корпус керек	18
Оқу аудиторияларын дұрыстау;	18
бәрі жақсы, бірақ универге айна керек!	17
Әр оқушыға жеке жеке көңіл бөлу, және сабаққа керекті бүкіл материалдарды толық қамтамасыз ету	17
Қолымдан келгенше өз үлесімді қосамын	16
Сабақтарды тек бір ғана корпусқа қойса екен дер едім. Немесе екі корпусы бір біріне жақын орналастырғанын қалаймын. Өйткені, бізге сабақтар арасында келесі парға үлгеру қиындық туғызуда!	16
Семинар сабақтарында студенттер көп болмаса деймін себебі студент көп болғандықтан барлығы баға алып үлгермейді	16
Көрнекіліктер қолдану арқылы сабақ өтсе	15
Спортзал, акт залы салу және аудиторияның тарлығы	15
Студенттердің барлығына бірдей қарау керек	13
Адамға байланысты болады	13
Универге келгің келе беретін "уютный" жерлер мүлдем жоқ. Неге соларды қолға алмасқа, аудиторияларды кеңейту, бәріміз қысылып отырамыз 4,5 қыздан, студенттер кең, жылы, ыңғайлы ортада отырса, сабақты жақсы оқиды. Оқытушылары жақсы, бірақ қисық сөйлейтін мұғалімдер бар, соларға да назар аудару қажет.....тағы...айна қою керек коридорға!	12
Университетте Ағылшын курсы болса деимін білімді өзгеден емес өзімізден алсақ жақсы болар еді кітапханада ағылшын кітаптары көп болса деимін Ағылшын тілі мамандығында оқитын жігіттермен қыздарды қолға алып Ағылшын тілдерін дамытса нұр үстінен нұр болар еді Ағылшын тілінен speaking клуб болса жақсы болар еді	12
Бірінші жылу беруді жақсарту керек, ең алдымен студенттің денсаулығы, ол ауырса сабаққа келмейді, сабаққа келмесе баға қойылмайды.	9
думаю, надо дать выбор студентам самим выбрать свой второй иностранный язык а не общий один)	9

Жалпыға бірдей көз қараспан қарау	9
Меніңше асықпай әр тақырыпты байыппен бәрі түсінгенше өту керек	9
Топтық жұмыстардың көбеюі. Басқа топтармен жарыстар ұйымдастыру. Сабақты тек лекция арқылы өтпей интерактивті тақтамен түсіндіру, өз сөзімізбен емес, ғылыми сөздермен; біз бастауыш мұғалімі болған соң ғылыми терминдермен өтсек. Аудиторияларды өзгертсек, универде емес мектепте ма немесе басқа жерде жүргендейміз.	9
Камера қою қажет.	8
Коррупция жойылсын.	8
Тез топқа бөлсе жөн болушеді топырлап отырып сабақ өткен құрлы болмаймыз. Не оқып не оқымағанымды түсінбеймін.	8
Университеттің атын шығаратын көп ұйымдар болса екен	7
Әрдайым ашық сабақ пен практикалық тәжірибе жасап тұру	6
Администрация во время не бывают в своих местах. Каждый раз всё идет не по плану	6
Мамандықтар бойынша апталық жасау, пән бойынша көрмелер, тағысын тағы...	5
Әлі де басқа заттар ұйымдастыру . Студенттердің басқада өнерлерін көрсетуі	3
Кәзіргі заманға сай оқыту бағдарламасын	3
Қатал болу керек. Оқушыларды қатты ұстау керек. Оқушылардың сабаққа қатысуының қадағалау керек. Честный болу керек.	3
Лекционный жазба сабақтары көбірек болса қазіргі жастарға түсінікті тілмен жеткізсе, кітап бетіндегі дайын жазу көп студенттерді қызықтыра бермейді	3
Студенттердіңде көңіліне қарау керек, оларға азда болсын свобода беру керек.	3
Студенттермен көбірек қызықты етіп бағдарламалар жасау білім деңгейін көтеру үшін өз мамандық бойынша лаборатория тағы басқа орындарға экскурсия істеу.	3
Әр мұғалімнің өз техникасы бар.	2
Казір дамығын заманда өмір сүріп жатырмыз әр бір аудиторияда жақсы мүмкіндіктер болу керек деп ойлаймын.	2
Оқу сапасын жақсарту үшін біріншіден студенттің қызығушылығы жоғары болуы керек, екіншіден студенттер сабақты толық меңгеруі үшін мұғалім көмектесуі керек, үшіншіден жаңа технологияларды (интерактивті тақта, компьютер т.б) қолдану керек деп ойлаймын.	2
Аралық бақылауды компьютермен тапсырсақ екен	2
Ұжым болып жұмыс жасау балалы отбасылы студенттерге арнайы мүмкіндіктер оқытулар	2

«Жұмабек Ахметұлы Тәшенев атындағы университет» ЖШС	Мониторинг және талдау қызметінің ережесі УЕ-23-22	8 беттің 8-беті
---	---	-----------------

Архитектура мамандығын ашу, себебі өз мамандығымда оқып жүрген жоқпын. Мені алдап шақырды, архитектура мамандығы ашылғанын қалаймын!!!!	1
Сабақ кестесін ыңғайлы қойса және оқытушыларды өтініш жасау арқылы ауыстыруға мүмкіндік берсе және оқытушылар өз сабақтарын жалындап тұрып өткізсе. Мысалы Серикбаева Шолпан оқытушы мен Қожабеков Нұржігіт оқытушымыз сияқты. Осы екі оқытушылар мен үшін ең үздіктері және Сабақ кестесінде әрдайым осы оқытушыларды көргім келеді.	1
Оқу корпусының қаланың отасынан болғанын қалаймын	1

Сауалнамаға қатысқан студенттердің берген жауаптарынан байқағанымыздай, білім алушылардың басым көпшілігі университеттегі білім беру процесіне қанағаттанады, дегенмен де білім сапасының жоғарылауына септігін тигізетін көптеген мәселелердің бар екенін де атап өткен болатын: ол біріншіден университеттің ғылыми-техникалық жабдықталуы, дәріс өтуге арналған кең аудиториялармен, ол аудиториялардың оқуға қажетті техника құралдарымен қамтамасыз етілулері, қажетті кітапхана қорымен қамтамасыз етілуі. Екіншіден, мамандықтарға бағытталған лабораториялық, лингафон кластары, спорт залмен спорт жабдықтарымен қамтамасыз етілуі. Үшіншіден, оқытушылардың біліктілігі мен сабақ өту әдістері. Білім алушылардың басым көпшілігі сабақтардың қызықты әрі түрлі формада, интербелсенді әдістерді қолдана отырып өткізілгенін қалайды. Сонымен қоса айтарымыз, сауалнамада айтылған пікірлер мен ұсыныстармен университет басшылығы, құрылымдық бөлімдер мен факультет, кафедра меңгерушілері, барлық ПОҚ құрамы танысып, мәжілістерде талқылап, өз функционалды қызметтерінде ескеріп, жетілдіру жұмыстары бойынша іс-шаралар қабылдауларын талап етеміз. Себебі, аталған зерттеулердің жүргізілуінің мақсаты, нақты жағдайды анықтап, анықталған жағдайдың шешімін табып жетілдіру болып табылады.

Стратегиялық жоспарлау, мониторинг және сапаны басқару бөлімінің бас маманы

Азизбекова А.С.